

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Дайындық орталығы

Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің

№3 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

28.11.2025 ж.

Қатысқандар: Т.Б.Думан, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, М.Өзерен, Р.Шафигулина, Л.Алимова, У.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Н.Ирисбекова, Н.Эргашева, У.Смагулова

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Ашық сабақ, өзара сабаққа ену мониторинг нәтижелерін талдау, педагогикалық озық тәжірибе тарату туралы (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева)
2. Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысы (ОӘК төрағасы У.Ыбыраева)
3. А1 деңгейі бойынша емтихан түрлерін, сұрақтарын талқылау, бекітуге ұсыну. (Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)
4. Тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын анықтау. (Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)
5. Әртүрлі мәселелер (ОӘК мүшелері)

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе ашық сабақтар жоспарының орындалу барысы туралы ОӘК төрағасы У.Ыбыраева: «2025-2026 оқу жылының қазан, қараша айларына жоспарланған ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар толығымен орындалды. Ашық сабақтарға бөлімдерден оқытушылар мен ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтардың сарапшылары қатысты. Ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар бағалау кестесі бойынша бағаланып, талдау хаттамаларында сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы, инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушының кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер толтырылды. Ашық сабақтардың хаттамасы бағалау кестесіне сәйкес берілді» -дей келе, ашық сабақтардың мәліметі төмендегі кестеде берілгендігін атап өтті.

Ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтардың өтілуі туралы*1-кесте*

№	Бөлімі	ОПҚ-ның аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Өтілген мерзімі	Ауд/тобы
1.	Түрік тілі	Қазым Зенгин	Түрік тілі (А1)	Unit 4. Çevremiz. Haftalık planımız	06.11.2025 09:55-10:40	2-214/ТД-9
2.	Қазақ, орыс тілдері	Шайхыстамова Мәлике Бердібайқызы	Қазақ тілі (А1)	Мезгіл. Уақыт. Шақ	20.11.2025 11:45-12:30	2-306/ТР-3
3.	Жалпы пәндер	Рысбекова Гулайым Шардарбековна	Химия	Тұздар гидролизі	12.11.2025 15:00-15:50	4-202/ҚГБ-1
4.	Ағылшын тілі	Абдугаппаров Розмат Шаукатулы	Ағылшын тілі (А1)	Unit 7. My favourites	24.11.2025 14:25-15:10	4-202/ТК-11

Келесі кезекте ОӘК төрағасы: «2025-2026 оқу жылының қараша айының өзара сабаққа қатысу кестесіне сәйкес орталық оқытушылары сабақтарға қатысып, талдау жасалынды. Бөлімдердің өзара сабаққа қатысу журналында қатысқан сабақтар бойынша талдау хаттамалары толтырылған. Сонымен бірге, журналдарда сабақтардың мақсаты, сабақ жоспарына сәйкес тақырыптың толық ашылуы, теорияның практикамен байланыстылығы,

инновациялық және интерактивті әдістерді қолдануы, сабақтардың жетістіктері мен кемшіліктері, оқытушылардың кәсіптік және іскерлік шеберлігін арттыру үшін ұсыныстар мен қорытынды пікірлер көрсетілген».

Өзара сабаққа кіру жоспарының қазан, қараша айларында орындалуы туралы

2-кесте

№	Бөлімі	Саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	4
2.	Түрік тілі	4
3.	Ағылшын тілі	2
4.	Жалпы пәндер	2
	Барлығы	12

Орталық директоры Г.Б.Думан ОПК-ның ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу жоспарының орындалу барысы ОӘК төрағасы мен бөлім басшылары тарапынан жіті қадағаланып, сапасы арттырылуын тапсырды.

ШЕШІМ: 1. ОПК-ның ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтары мен өзара тәжірибе алмасу (өзара т.б.) жоспарының орындалу барысы қадағалансын, сапасы арттырылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлім басшылары)

2. Орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «Біліктілікті арттыру мақсатындағы оқытушы-профессорлардың әдістемелік семинарларға қатысу барысына тоқталсақ, бөлімдерде жыл бойына оқу-әдістемелік семинар өту жоспарланған, семинар тақырыптары қазіргі сабақтың сапасын көтеруге, сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді қолданудың тиімділігіне, тыңдаушының белсенділігін арттыруға, тыңдаушының өзіндік жұмысын атқарудағы оқытушының бағыты, тілді меңгерудің тиімді жолдары т.б. тақырыптардан тұрады. Бөлімдерде жоспарланған семинарлар ұйымдастырылып, практикалық сабақта қолданылатын инновациялық әдістер жайлы пікір алмасып және оны оқу үдерісіне қолдануда, оқу үдерісінде пәндер бойынша соңғы жылдары шыққан халықаралық дәрежедегі оқулықтардан ақпараттар, ғылымның соңғы жетістіктері мен түрлі платформалардың мүмкіндіктерін пайдалану талап етіліп отырады. Осы мақсатта орталықтың ОӘК тарапынан оқытушылардың практикалық сабақтар жүргізу сапасы қадағаланады. Пәндер бойынша дәріс мәтіндері, көрнекі құралдар, тыңдаушылардың білімін бағалау материалдары жеткілікті. Әрбір оқытушы қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілі сабақтарында қазіргі күнгі инновациялық әдістерді қолдануда. 2025-2026 оқу жылына арналған әдістемелік семинарлар кестесіне сәйкес орталық оқытушылары семинарларға қатысып, талдау жасалынып келеді. Бөлімдерде өтілген семинарлар бойынша талдау хаттамалары толтырылған, оқытушының басты мақсаты – тыңдаушының белсенділігін арттыру, тыңдаушының өз бетінше білім алу дағдысын қалыптастыру, қазақ, орыс, ағылшын және түрік тілдерін ауызекі сөйлеуде жетілдіру».

Орталық директоры Г.Б.Думан бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша әдістемелік нұсқаулардың жағдайы мен практикалық сабақтардың мазмұндылығы, өту сапасын арттыру мақсатында жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді іздену қажеттігін, ол үшін семинар-тренингтер санын көбейту қажеттілігін, тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабақтарға қатысып, ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар санын көбейтуді тапсырды. Сонымен бірге түрлі онлайн-семинарларға да қатысуға болатындығын атап өтті.

Әдістемелік семинарлар жоспарының орындалуы туралы

3-кесте

№	Бөлімі	Саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	1
2.	Түрік тілі	1
3.	Ағылшын тілі	1
4.	Жалпы пәндер	1
	Барлығы	4

ШЕШІМ: 2. Бөлімдерде жүргізілетін пәндер бойынша практикалық сабақтардың мазмұндылығы мен өту сапасын арттыру мақсатында семинар-тренингтер өткізілсін, (Жауаптылар – Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева) Ф-ОБ-001/065

3. 2025-2026 оқу жылының I триместрдегі А1 деңгейі бойынша емтихан қабылдау формалары мен сұрақтарын талқылап, бекітуге ұсыну үшін сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев емтихан қабылдау ережесіне сай бөлімдер А1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларының жобасын дайындап, бекітуге ұсынуы қажеттігін атап өтті. Ереже бойынша тіл үйретудегі 4 тілдік дағды негізінде (тыңдалым, сөйленім, жазылым, оқылым) емтихан жоспарланып, әр дағды бойынша тапсырмалар берілу керектігін ескертті. Практикалық сабақтар да аталған 4 дағды негізінде өтілетіндігін ескертіп өтті.

Бөлім басшылары (А.Мырзаханова, М.Өзерен, Р.Шафигулина) өз кезектерінде А1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларының үлгілерін бекіту үшін талқылауға ұсынды. Сонымен қатар, ОПҚ тарапынан бөлімдерде талқылаудан өткендігін ескерте кетті.

ОӘК мүшелері бөлімдерде талқылаудан өткен I триместрдің А1 деңгейі бойынша емтихан тапсырмаларын бекітуге мақұлдады. Сонымен бірге, орталық директоры тарапынан емтиханның таза әрі тиянақты өтуін қадағалау оқу ісі жөніндегі орынбасары мен бөлім басшыларына жүктелді.

ШЕШІМ: 3. 2025-2026 оқу жылының I триместріндегі А1 деңгейі бойынша емтихан қабылдау формалары бекітуге ұсынылсын, таза әрі тиянақты өтуін қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары мен бөлім басшыларына жүктелсін. (Жауаптылар: директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев, бөлім басшылары)

4. 2025-2026 оқу жылында тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамын бекітуге ұсыну үшін сөз алған орталық директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев бөлім басшыларының ұсынысымен жасалған комиссия құрамының жобасын ұсынды. ОӘК мүшелері бірауыздан қолдады.

ШЕШІМ: 4. 2025-2026 оқу жылында тыңдаушыларды қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағалары мен комиссия құрамы бекітуге ұсынылсын. (Жауапты – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

5. Өртүрлі мәселелер бойынша Үлгерімі төмен тыңдаушылармен жұмыс түрлерін талқылау мақсатында сөз алған директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев қазіргі уақытта тыңдаушылардың дені Виза мәселесін шешіп, практикалық сабақтарға қатысуда екендігін хабарлады.

Орталық директоры Г.Б.Думан үлгерімі төмен және Виза мәселесімен сабақтарға кешігіп қатысқан тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілуін бөлім басшыларына, қадағалауды оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаевқа жүктеді.

ШЕШІМ: 5. Үлгерімі төмен және Виза мәселесімен сабақтарға кешігіп қатысқан тыңдаушылармен жұмыс түрлері жоғары деңгейде жүргізілсін. (Жауаптылар – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев, бөлім басшылары)

Орталық директоры:

Орталық ОӘК төрағасы:

Г.Б.Думан

Ү.Ыбыраева

